

ҚАЗҰУ-ДА COMSATS ҰЙЫМЫНЫҢ КЕҢЕСІ ӨТТІ



Алматыда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Оңтүстікте тұрақты даму үшін ғылым мен технология бойынша комиссиясының («COMSATS») XXI-ші отырысы өтті. Бұл халықаралық үкіметаралық ұйым кеңесінің отырысы Қазақстанда және посткеңестік кеңістікте алғаш рет өткізілуде.

Отырыс жұмысына 30-дан астам белгілі шетелдік сарапшылар, ғалымдар және «COMSATS» мүше елдердің ғылыми-зерттеу орталықтары мен жоғары оқу орындарының басшылары қатысты.

«ҚазҰУ - әлемдегі белгілі университеттердің бірі. Біз ғылымның даму болашағы мен жаңартылған энергия көздері, қоршаған ортаны қорғау және биотехнология салаларындағы бірлескен жұмыс мәселелерін талқылаудамыз. Бұл тұста университеттердің рөлі зор, біз жаһандық мәселелерді шешу мақсатында бас қостық», - деді «COMSATS» атқарушы директоры Сайед Мохаммед Джунаид Заиди.

ҚазҰУ 2015-жылдан бастап аталмыш халықаралық ұйымның ТМД-дағы жалғыз мүшесі болып табылады. «COMSATS»-пен тандем Азия, Африка, Латын және Орталық Американың 25 еліндегі жетекші ғылыми және білім беру орталықтарымен ынтымақтастықтың дамуына ықпал етеді.

«COMSATS»-тың ғылыми орталықтарымен ынтымақтастық оңтүстік мемлекеттердің ғалымдарының ғылыми-технологиялық зерттемелерімен танысып қана қоймай, өз жетістіктеріміз бен зерттемелерімізді таныстыруға,

сондай-ақ тұрақты даму мақсатында тәжірибе, білім және технологиялармен алмасуға бірегей мүмкіндік береді», - деп атап өтті ҚазҰУ ректоры академик Ғалым Мұтанов.

ҚазҰУ «COMSATS»-тың Қазақстандағы алдыңғы қатарлы жетістіктер орталығы болып табылады, бұл өз кезегінде университетке бірлескен білім беру және зерттеу жобаларына белсенді түрде қатысуға мүмкіндік береді. Ынтымақтастықтың үш жылы ішінде ҚазҰУ-дың көптеген ғалымдары мен докторанттары ұйымға мүше елдердің жетекші жоғары оқу орындарында табысты білім алып, тағылымдамадан өтті.

Өткен жылы ҚазҰУ негізінде «COMSATS» және Исламдық білім, ғылым және мәдениет ұйымымен (ISESCO) ынтымақтастықта ұйымдастырылған екі маңызды іс-шара болып өтті. Атап айтқанда, «Университеттерде, ғылыми-зерттеу институттарында және шағын бизнес кәсіпорындарында ғылыми және инженерлік техниканы жөндеу және техникалық қызмет көрсету» атты ұлттық семинар және «Интернеттегі қауіпсіздік: ақпарат алмасу кепілдіктерін күшейту» атты VII халықаралық семинар.

Жоғары талап – жетістік кілті

Кезекті ректорат жиналысы бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаевтың жағымды жаңалығымен басталды.

Мұхамбетқали Бүркітбаев әлемдік QS Stars зерттеу нәтижесі бойынша ҚазҰУ-дың «4 жұлдыздық» дәрежеге ие болғанын хабарлады. Аталмыш халықаралық рейтингтік жүйе университеттерге 0-ден +5-ке дейінгі QS «жұлдызын» беруді бірнеше талаптар бойынша жүзеге асырады.

Жалғасы 2-бетте

Бәрі де ел ертеңі үшін!

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері «Жас Отан» жастар қанатының IV съезіне онлайн трансляция арқылы қосылды.

Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіқалықова съездің жұмысын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың арнайы құттықтау хатымен бастады. «Мен сендерді белсенді түрде жан-жақты дамуға, спортпен, өнермен айналысуға, шет тілдерді үйренуге, отандық және әлемдік әдебиеттің терең мұраларын танып-білуге, ең бастысы, әрқайсыңды өз салаларыңда әлемнің ең озық мамандарымен иық тірестіріп, қатар тұра алатындай деңгейге көтерілуге шақырамын. Сендер ата-бабаларымызға арман болған, біздің буынымыз қалаған Тәуелсіздікті баянды етіп, біздің жеңісті жолымыз бен жасампаз дәстүрімізді лайықты жалғастыруға тиістісіңдер. «Жаңа әлемге жол саламыз» деген съездің атауы да жастарымыздың жаңашылдыққа деген ұмтылысын аңғартып, көңілге қуаныш ұялатады. Мен сендердің тың бастамаларыңды әрқашан қолдаймын. Ендеше жаңа әлемге салған жолдарыңыз әрдайым ашық әрі даңғыл болсын!» – деді өз құттықтау сөзінде Мемлекет басшысы.

«Жас Отан» жастар қанатының биылғы съезі жаңа форматта өтуімен қатар биыл республика бойынша әлеуметтік желі көмегімен онлайн трансляция арқылы көпшілікке ұсынылды. Сонымен қатар аталмыш съезде Орталық кеңестің жаңа мүшелері сайланып, өз саласының үздігі атанған әртүрлі мамандық иелері қатысты.

Съезді онлайн трансляция арқылы көрген ҚазҰУ студенттері пікірлерімен бөлісті. Халықаралық қатынастар факультетінің 4-курс студенті, Жастар комитеті төрағасының орынбасары Меруерт Шанирова: «Жас отан» жастар қанатының IV съезі жастарға жаңа қарқын және үлкен рух береді деп ойлаймын. Бүгін біз онлайн трансляция арқылы өз ісінің үздігі атанған жастардың өсу жолын тыңдап, ерекше әсер алдық. Шынында да, елімізде жетістікке жетемін деген кез келген жасқа көптеген мүмкіндіктер қарастырылған. Елбасымыздың бес әлеуметтік бастамасы мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы да жастардың дамуына жол ашатын жобалар деп білемін», – деді.

Съезге қатысушы жастар білім мен ғылымды, жеке кәсіпкерлікті дамыту, цифрландыру, рухани жаңғыру және бес әлеуметтік бастама, төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері тақырыптарында өз ойларын ортаға салып, ел ертеңі үшін аянбай еңбек етуге даярлықтарын жеткізді.

Өз тілшімізден

БҮГІНГІ САНДА:

**СОТРУДНИЧЕСТВО
В МЕДИЦИНЕ**



2-стр.

**ЕҢ АЛДЫҒЫ ҚАТАРДА –
ҚАЗҰУ ҒАЛЫМДАРЫ**



5-бет

**ЖАСТАРДЫҢ КІТАП
ОҚУ МӘДЕНИЕТІ
ҚАЙ ДЕҢГЕЙДЕ?**



8-бет

Сотрудничество в медицине

Ректор КазНУ Галым Мутанов встретился с ректором Медицинского университета им. Бируни Аднамом Йукселем (Турция). В ходе встречи был подписан меморандум о сотрудничестве.



о достижениях, структуре и обучении в Медицинском университете им. Бируни. Он выразил готовность укреплять и расширять сотрудничество в области медицины.

вопросы академического обмена, проведения совместных научных проектов и подготовки специалистов в сфере медицины.

В ходе встречи стороны обсудили

ПРЕСС-СЛУЖБА

ФАКУЛЬТЕТ ТЫНЫСЫ

Журналистика факультеті Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының ұйымдастыруымен республикалық «Ұлан», «Дружные ребята» газеттерінің қолдауымен дәстүрлі ХҮП «Жас тілшілер» форумы өтті. Форумға еліміздің түкпір-түкпірінен келген болашақ жас журналистер, студенттер мен оқытушылар қатысты.

Ашылу салтанатында журналистика факультетінің деканы Сағатбек Медеубекұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚазҰУ ректорының кеңесшісі Бауыржан Жақып, филология ғылымдарының докторы, профессор, ұлағатты ұстаз Кәкен Камзин, фотожурналист Асылхан Әбдірайымов, «Ұлан» газетінің бас редакторы Жадыра Нармахановалар сөз алып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Қазақстанның барлық аймақтарынан келген жас тілшілер «Қазақ радиосы», «Ұлан», «Дружные ребята» редакцияларының ұжымдарымен танысты. Сондай-ақ қонақтар ҚазҰУ қалашығы мен «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығын аралып, «Сұңқар» студенттік кәсіподақ ұйымы мен Студенттік мәслихат мүшелерімен кездесті.

Баспасөз қызметі

ҚазҰУ-дың география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының 1-курс студенттері қатысуымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Алматы қаласындағы киелі жерлердің бірі – Ахмет Байтұрсынұлы мемориалдық мұражайында көшпелі куратор сағаты өткізілді.

Ахмет Байтұрсынұлының мемориалдық мұражайы – қазіргі жастар үшін өткенге көз жүгіртіп, Алаш ардақтыларының еңбектерімен етене танысуға жол ашатын ерекше мекен. Жастар шара барысында ұлтымыздың біртуар азаматтарының өмір жолымен танысып, құнды мәлеметтерге қанықты. Ата-баба мұрасын жастарға дәріптеуде тарихтан сыр шертетін осындай мәдени орындардың әсері мол. Сондықтан болашақта бұл үрдісті дәстүрге айналдыруды мақсат тұтып отырмыз.

Ә.Т. МЫЛҚАЙДАРОВ,

география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының доценті

Түрксой кафедрасында Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында «Иран-Тұран» руханиятындағы Иасауидің орны» атты дөңгелек үстел өтті.

Шараға Иран Ислам Республикасының Алматыдағы Бас консулы Хамид Риза, Түркі халықтары мәдени қорының директоры Ахмет Дағдұран, «Озан» Әзірбайжандар қауымдастығының төрағасы Гариб Мамедалиоглы, «Түрк Дүниасы» қорының директоры Карлин Нурдунұлы, Нұр-Мүбәрәк университетінің профессоры Мухитдин Исаулы және белгілі ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Дөңгелек үстел барысында Иранның Алматыдағы Бас консулы Хамид Риза «Сопылық танымдағы ақиқат іздері», Иран мәдени орталығының директоры Сейіт Жәлоли «Иасауи мұраларының парсы шайырларына әсері» туралы баяндама жасады. Сондай-ақ шараға қатысушылар Ахмет Иасауидің түркі халықтары тарихындағы орны мен исауитанудағы өзекті мәселелер туралы өз ойларын ортаға салды. Бабалар мұрасын насихаттау арқылы студенттерді ізгілікке, мейірімділікке баулу, ғұрып пен дәстүрді құрметтеуге шақыру – бұл шараның басты мақсаты болды.

Түрксой кафедрасы

РЕКТОРАТ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Жоғары талап – жетістік кілті

Білім беру мекемесіне деген студенттер мен түлектер арасындағы арнайы сауалнамалармен қатар университеттегі білім беру, түлектерді жұмысқа орналастыру, инфрақұрылым, әлеуметтік жауапкершілік және т.б. салалар бойынша лайықтылар анықталды.

QS Stars халықаралық рейтингтік жүйесі ҚазҰУ-дың жоғары деңгейдегі зерттеу мен академиялық бағыттағы көшбасшылық қызметін, білім беруде студенттерге жасалған мүмкіндіктерді жоғары бағалады. Жиында ҚазҰУ ректоры Галым Мутанов алдағы уақытта көрсеткіштерді жақсартып, бұдан да биік белестерді бағындыруға шақырды.

Күн тәртібіндегі келесі тақырып аясында QS Subject Ranking-ге шығыстану факультетінің кафедраларын алға жылжыту бойынша жол картасы қаралды. Аталмыш тақырып бойынша сөз алған Қиыр Шығыс кафедрасының меңгерушісі Наталья Ем кафедраның ҚазҰУ туралы жарияланған имидждік жарияланымдары жақсы көрсеткіштерге ие болумен қатар әлеуметтік желіде де кафедра өте белсенді екенін айтты. Бүгінгі таңда Қиыр Шығыс кафедрасы Nanyang University, University of Tsukuba, Daegu University, Waseda University, Sungkyunkwan University, Hokkaido University, Hankuk University of Foreign Studies, Tokyo University of Foreign Studies, Pusan National University, Saitama University сынды білім ошақтарымен жемісті қарым-қатынас орнатқан. Соның нәтижесінде Васеда (Жапония), Цукуба (Жапония) және Сангёмен (Корей) университеттерімен бірге қысқы мектеп өткізіліп отыр. «Дәл осындай серіктестіктер кафедраның дамып, студенттер білімдерінің жан-жақты жетілуіне үлкен септігін тигізбек», – деді кафедра меңгерушісі. Жалпы Қиыр Шығыс кафедрасының студенттері арнайы шәкіртақыларға ие болып, көптеген



республикалық студенттік олимпиадаларда жүлделі орындардан көрінуде.

Мінбеге шыққан ТҮРКСОЙ кафедрасының меңгерушісі Төрәәлі Қыдыр өзінің аталмыш тақырып бойынша жол картасын ұсынды. Кафедра «Рухани жаңғыру» бағдарламасының дамуына үлес қосу мақсатында «Түркітану ғылымы – рухани жаңғыру қызметінде» және «Тұлғалар тағылымы» атты бағдарламаларды жүзеге асырып отырғандығын айтты. Сондай-ақ «Иран-Тұран» жобасы аясында кафедрада студенттермен біріге отырып көптеген іс-шаралар жүзеге асырылуда. Жиналыс барысында шығыстану факультетінің басқа да кафедралары жол карталарын ұсынып, алдағы жоспарларымен бөлісті.

Жиын соңында инновациялық қызмет жөніндегі департамент директоры Серік Мұхамбетжанов университетімізде бастау

алған V «Фараби оқулары» аясындағы көптеген іс-шаралармен таныстырып шықты. Айта кету керек, «Фараби оқулары» – ҚазҰУ-да жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. Аталмыш конференцияның негізгі мақсаты атакты ойшыл, Әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фарабидің философиялық ой-пікірлерін, жазған кітаптарын, бай мұрасын жан-жақты зерделеу болып табылады. 2020 жылы 1150 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО деңгейінде атап өтуді мақсат етіп отырған ҚазҰУ әл-Фараби мұрасын зерттеу бойынша үлкен іс-шаралар атқарып отыр. Ғалымның кітаптары жарық көріп, мұражай ашылды, басқа да мемлекеттерде Әл-Фараби орталықтары ашылды, сондай-ақ «Al-Farabi university smart city» жобасы жүзеге асырылуда.

Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА

ҚазҰУ ректоры Галым Мутанов Бируни атындағы медициналық университет ректоры Аднам Йукселмен кездесті

Жуырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында шығыстану факультетінің ұйымдастыруымен еліміздегі жоғары оқу орындары арасында «Шығыстану» мамандығы бойынша республикалық олимпиада өтті. Сайысқа ҚазҰУ студенттерімен қатар еліміздегі жоғары оқу орындарының «Шығыстану» мамандығы бойынша білім алып жүрген 2, 3, 4-курс студенттері қатысты.

Білім бәйгесі



Олимпиада аталған мамандық бойынша оқып жатқан студенттердің тіл менгеру деңгейін көтеру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың оқуға деген ынталары мен белсенділіктерін арттыру, дарынды студенттерді іріктеу және қолдау көрсету, сонымен қатар жоғары оқу орындары арасындағы байланысты нығайта түсуді мақсат етті.

Олимпиаданың ресми ашылу салтанатында Египет мәдени орталығының директоры, Мәдени істер бойынша атташе Хемдан Ибрагим, Алматы қаласындағы ҚХР Білім және мәдениет істері бойынша консулы Ван Цинпин, Конфуций институтының директоры Р.Ө.Асылбеков, Конфуций институты директорының орынбасары Ваң Жын, Халықаралық жапон қорының өкілі Оними Юми, Каир университетінің профессоры Әбулфутух Сабри Әбулфутух Юнус мырзалар болып, талапты жастарға қолдау көрсетті.

Дәстүрге сай биыл да Олимпиада аясында қытай тілі бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ және Абылай хан атындағы ХҚЖӘТУ студенттері белсенділік танытып, 17 студент өзара сайысты. Сайыстың бірінші кезеңінде білімгерлер тест және эссе жазудан жарысқа түсті. Бұл жерде олар өздерінің қытай тілі мен елтану бойынша алған білімдерін қаншалықты игергендерін дәлелдеп, артынан берілген тақырыптардың біріне эссе жазды.

Қатысушылардың еңбектерін ЖОО ұстаздарынан және Конфуций институты өкілдерінен жасакталған қазылар, атап өтер болсақ, Ваң Чжын, Айнұр Нұржаубек, Жансая Исаева, Динара Дәурен бағалады. Бірінші кезең нәтижесінде жарыстың екінші кезеңіне 10 үміткер жол тартты.

Бұл кезеңде студенттер өздері дайындаған жобаларын қытай тілінде баяндап, қазылар тарапынан қойылған сұрақтарына жауап берді. Үміткерлердің қытай тілін менгеру деңгейі, олардың сөйлеу, есту, түсіне білу және жауап беру машықтары сыңа түсетін сайыс өте қызықты өтті. Студенттер бүгінгі таңда аса өзекті болып отырған «Қазақстан мен Қытай қарым-қатынасының жана форматы» тақырыбына ерекше назар аударыпты. Сайыс

сонында қазылар алқасы жалпы жарыс қорытындысын шығарды. Тартысты өткен жарыс нәтижесінде Лаура Мырзагелдина I-орын, Айжан Араппаева, Аделина Бейсен II-орынды жеңіп алса, III-орынға Диана Естакова, Дильназ Караева, Әйгерім Темірхановалар лайықты деп танылды.

Олимпиаданы қорстындылау кешінде жеңімпаздар ҚР Білім және ғылым министрлігінің дипломдарымен марапатталды. Жарысқа демеушілік көрсеткен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Конфуций институты бағалы сыйлықтар тапсырды. Сондай-ақ Алматы қаласындағы ҚХР Бас консулдығы үш жеңімпазға Қытайда білім алу грантын бөлді. Олар Қытайдың өздері таңдаған жоғарғы оқу орнында білім алу мүмкіндігіне ие болды.

Нұрталіп ШӘРІПҚАЗЫ,
шығыстану факультеті қытайтану кафедрасының оқытушысы

ПОБЕДИТЕЛИ ОЛИМПИАДЫ

29-30 марта 2018 года на факультете химии и химической технологии КазНУ состоялась Республиканская предметная олимпиада студентов по специальности «5В072100 - ХТОВ», которая представляет собой систему очных соревнований студентов по специальности «5В072100 - ХТОВ» высших учебных заведений, в ходе которых проводится оценка знаний, умений и навыков студентов-участников и определяются победители. Основной миссией Олимпиады служит формирование творческого мышления у молодежи и стимулирование научно-исследовательской деятельности студентов в области химической технологии органических веществ.

В Олимпиаде приняли участие студенты 2-4 курсов по специальности «5В072100 - ХТОВ» дневной формы обучения. Общее число участников составило 89 человек из 12 ведущих высших учебных заведений Алматы, Астаны, Шымкента, Уральска, Семей, Актобе, Павлодара. На открытии мероприятия выступил декан факультета химии и химической технологии д.х.н. Е.К. Онгарбаев.

Олимпиада проходила в 2 тура. В первом туре участники проходили тестирование по курсам «Органическая химия алифатических соединений», «Основные процессы и аппараты химической технологии», «Общая химическая технология», «Химическая технология основного органического синтеза». Во втором туре каждая команда представила научный проект по химической технологии органических веществ.

Победителем Олимпиады в личном первенстве была признана студентка 3 курса специальности «ХТОВ» Аружан Акшабаева, набравшая наибольшую сумму баллов за первый и второй туры Олимпиады. Победителем Олимпиады в командном первенстве признана команда КазНУ «Limitless» в составе трёх студентов 3 курса – Тасболат Адина, Максим Даяна и Аружан Акшабаева, набравшая наибольшую сумму среднего балла за первый и второй туры Олимпиады.

Дина АКБАЕВА,
руководитель команды «Limitless»,
доцент кафедры физической химии,
катализа и нефтехимии

Основным приоритетом для развития экономики Казахстана в Посланиях Президента сегодня являются инновационные инструменты. Успешная реализация стратегических задач, поставленных Президентом Республики Казахстан в Послании народу страны на ближайшее десятилетие, лидерство Казахстана в Центральноазиатском регионе и на всем постсоветском пространстве обеспечиваются ростом конкурентоспособности экономики за счет таких главных факторов, как инновационное развитие и человеческий потенциал.

ИННОВАЦИОННАЯ ИДЕЯ – ПУТЬ К УСПЕХУ!

Кафедра «Менеджмент и маркетинг» КазНУ им. аль-Фараби 29.03.2018 г. Провела юбилейную X Республиканскую студенческую предметную Олимпиаду по специальностям «Государственное и местное управление», «Менеджмент» и «Маркетинг» на тему «Инновационная идея – путь к успеху!».

В этом году для участия в финальном туре Олимпиады по специальности Менеджмент подали заявки 19 команд из разных ВУЗов со всего Казахстана, в том числе г. Астана, Алматы, Актау, Талдыкорган, Рудный, Караганда, Шымкент, Уральск, Туркестан. В Олимпиаде участвовали 7 команд со всех университетов Казахстана.

Для участия в финальном туре Олимпиады по специальности Государственное и местное управление подали заявки 27 команд из разных вузов со всего Казахстана, в том числе г. Астана, Алматы, Актау, Актюбинск, Атырау, Талдыкорган, Рудный, Караганда, Кокчетав, Кызылорда, Шымкент, Уральск, Усть-Каменогорск, Туркестан. В Олимпиаде также участвовали 7 команд со всех университетов Казахстана.

А для участия в финальном туре Олимпиады по специальности Маркетинг подали заявки 12

команд из разных вузов со всего Казахстана. 7 команд со всех университетов Казахстана определились как участники Олимпиады.

По результатам Олимпиады «Инновационная идея – путь к успеху!» по всем номинациям II тура специальности «5В051000 – Государственное и местное управление» I место выиграла команда «Конгресс» – КазНУ имени аль-Фараби и приз зрительских симпатий достался команде «Реформаторы» Кокшетауского университета имени Абая Мырзахметова. I место по специальности «5В050700 – Менеджмент» заняла команда КазНУ имени аль-Фараби – «Bossy Group». Приз зрительских симпатий достался студентам КазНУ имени С.Сейфуллина – «Green&Young (Зеленые и молодые)». Первое место по специальности «5В051100 – Маркетинг» завоевала команда «Отряд X» – КазНУ имени аль-Фараби. Приз зрительских симпатий был присужден группе «Maxi Marketing» – ЮКГУ имени М.Ауезова.

С.К. ТАЖИЕВА,
к.э.н., старший преподаватель кафедры менеджмент и маркетинг

Болашақ тарихшылар сынға түсті

Білім мен ғылымның қара шаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих, археология және этнология факультетінде «Қазақстан тарихы және дүние жүзі тарихы пәндері» бойынша оқушылар арасындағы республикалық олимпиаданың финалдық кезеңі өтті.



Олимпиаданың салтанатты ашылу рәсімінде қатысушыларға кәсіптік бағдар беру бағытталған жұмыстар жүргізіліп, факультеттің белді профессорлары Әбдеш Төлеубаев, Берекет Кәрібаев көшбасшылық дәріс оқыды. Сонымен қатар шара аясында оқушыларды қара шаңырақпен кенінен таныстыру мақсатында университет музейлері, Әл-Фараби кітапханасы және «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығына саяхат жасалды.

Жалпы саны 462 оқушы қатысқан олимпиаданың іріктеу турына еліміздің барлық аймағынан 37 оқушы қатысып, өз білімдері мен заманауи біліктіліктерін көрсетті. Жарысқа ұсынылған жұмыстар ғылыми сапасының жоғары болуымен ерекшеленіп, есте қалды. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы аясында орындалған жұмыстардың мектеп оқушылары тарапынан жоғары қызығушылықпен орындалғандығына үш секция бағытында қорғалған ғылыми жұмыстар нәтижесінде көз жеткіздік. Қатысушылар өздерінің

ғылымға, ел тарихына деген ойларын білдіріп, саликалы пікір, батыл шешімдер айта білетін ұрпақтың өсіп келе жатқандығын байқатты. Қойнауы тарих қазақ жерінің болашақта туризм орталығына айналуын, экономикасы көркейген мемлекет болуын бала жүрегімен ансаған олимпиада қатысушылары олимпиаданың марапаттау рәсімінде ең үздік ғылыми жоба және жүлделі орындарға ие болып, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Келген қонақтарды құшақ жая қарсы алған факультет ұстаздары мен студенттері мектеп қабырғасында болашаққа таңдау жасауда толқып отырған оқушыларға өмір атты бәйгеде қашанда озат болуларына шын ықыластарын білдірді. Өмірлеріндегі манызды шешім қабылдар тұста өткізілген бұл олимпиаданың мамандық таңдау мәселесінде өз септігін тигізери анық.

М.К. ДАУЫТБЕКОВА,
тарих, археология және этнология факультеті деканының оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары

ОТ БИЛИНГВИЗМА К ТРАНСЛИНГВИЗМУ

Как известно, между Казахским национальным университетом имени аль-Фараби и Российским университетом дружбы народов (РУДН) существует длительное плодотворное сотрудничество: обмен научной информацией, дублирование образования (магистратура), обучение и стажировка молодых преподавателей (аспирантура, а с 2017 г. – докторантура), проведение лекций и семинаров с целью повышения квалификации, участие в научных, научно-практических конференциях и др.

Украины, Молдовы, Армении, Азербайджана, Грузии, Узбекистана, Кыргызстана, Казахстана, России и др.

С приветственными словами и пожеланиями успешной работы выступили: проректор РУДН по дополнительному образованию А.В. Должикова, профессор РУДН У.М. Бахтикереева, писатель А.А. Ким (Россия, г. Москва), профессор Н.С. Муранска (Словакия, Нитра).

В знак благодарности и уважения руководству РУДН были вручены памятные подарки и сувениры. От имени нашего университета профессором Л.В. Екшембеевой было торжественно оглашено и вручено благодарственное письмо.

На пленарном заседании с докладами на актуальные темы выступили традиционно приглашенные РУДН, почетные гости конференции, известные профессора КазНУ имени аль-Фараби Б.У. Джолдасбекова, Л.В. Екшембеева, А.Б.Туманова, Ж.Х.Салханова, Э.Т.Какильбаева, Ж.К.Киынова и докторанты нашего университета. Живой интерес вызвали у участников и гостей научного форума доклады профессора Л.В.Екшембеевой «Имплицитные смыслы и методология обучения языку», Э.Т.Какильбаевой «Билингвальная природа творчества Олжаса Сулейменова», профессора А.Б.Тумановой «Особая языковая субкультура как результат контаминации языков и культур в полиэтническом пространстве Казахстана», профессора Ж.Х.Салхановой

«Мироощущение кочевой культуры в эссеистике Бахыта Каирбекова», профессора Ж.К.Киыновой, докторанта PhD Н.Женис «Образы этнокультурного языкового сознания транскультурной личности в процессе изучения русского языка».

Приоритетными в работе конференции были следующие научные направления: «Русско-инонациональный би-, поли-, транслингвизм в России и мире: история и современность», «Русскоязычие. Литературный билингвизм в России и за рубежом», «Вопросы перевода», «Методика преподавания русского языка и литературы», «Психолингвистические аспекты билингвизма».

В рамках программы конференции проведены круглые столы «Языковые процессы и языковая политика в России и мире», «Социально-культурная адаптация в мировом образовательном пространстве», «Двуязычие как достояние индивида», «От билингвизма к транслингвизму». Хотелось бы особо отметить, что эти актуальные темы как нельзя лучше соответствуют программам нашего государства «Мәңгілік ел» и «Рухани жаңғыру». В работе круглых столов активное участие приняли студенты, магистранты, аспиранты из разных стран мира (Афганистан, Таджикистан, Казахстан, Иран, Китай, США, Россия, Франция, Испания, Англия, Япония и др.).

Доклады участников конференции бурно обсуждались, высказывались различные точки зрения. В завершении секционных

заседаний были сформулированы основные научные положения, отражающие актуальные проблемы современной филологической науки. Участники конференции единодушно пришли к выводу, что главными критериями отражения принципов поликультурного образования в учебном материале являются: использование гуманистических идей и мировоззренческих взглядов, характеристика уникальных черт в культурах народов мира, усиление взаимозависимости стран и народов в современных условиях, раскрытие многообразных форм взаимодействия и взаимовлияния культур приобщает студентов к поликультуре, воспитывая в них уважительное отношение к культуре других стран и более глубокое осознание своей культуры.

Подводя итоги, хотелось бы отметить, что установившееся научное сотрудничество между нашими университетами имеет долговременный, взаимовыгодный и качественный характер. Есть полная уверенность в том, что научные связи с Российским университетом дружбы народов, несомненно, будут иметь высокие и продуктивные результаты.

Б.У. ДЖОЛДАСБЕКОВА,
чл.-корреспондент НАН РК,
д.ф.н., профессор;
А.Б. ТУМАНОВА,
д.ф.н., профессор
кафедра русской филологии и
мировой литературы

...Тән көмілер, көмілмес еткем ісім,
Ойлайтындар мен емес бір күнгісім.
Жұрт ұқраса ұқрасын, жабықпаймын,
Ел – бүгіншіл, менікі – ертең үйін.
А. Байтұрсынұлы

ҚАЗАҚТЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ

Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов: «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын», – деп алаштың ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының адамдық болмысы мен азаматтық, шығармашылық және қайраткерлік, ғалымдық игі істеріне әділ баға беріп еді. ХХІ ғасыр көгінде Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы жаңаша қырларынан танылып, қазіргі күннің рухани-мәдени талғам таразысынан өз бағасын алуда. Оның дәлелін Ахмет Байтұрсынұлы атындағы жоғары оқу орны мен ғылыми-зерттеу институтының, мұражайлардың, ахметтану саласында еңбек етіп жүрген ғалым-ұстаздардың оның мұрасын зерделеу арқылы руханият қазынасын құнды дүниелермен кемелдендіре түсуінен тануымызға болады. Сонымен қатар жігерлі жастардың ұлы тұлғаның өмірі мен шығармашылық, қайраткерлік істеріне қызығып, зерттеу істеріне араласуы мен түрлі деңгейдегі іс-шараларды ұйымдастыруы рухани жетілуіміз бен дамуымыздың бір көрінісі деп ойлаймыз.



Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтық бағдарда кәсіби білім мен тәрбие беріп келе атқан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – еліміздегі бірегей жоғарғы оқу орны. Білімгерлер өздерінің терең білімдері мен рухани-адамгершілік максаттағы жетістіктерімен әрқашан қуанып келеді. Жақында университет қабырғасында т.ғ.к., профессор Ф.А.Қозыбақованың ұйытқы болуымен «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1-курс студенттері арасында Ахмет Байтұрсынұлы арналған «Қазақтың рухани көсемі – Ахмет Байтұрсынұлы» тақырыбында конференция болып өтті.

Конференцияның мақсаты – Ахмет Байтұрсынұлының өмірі, қызметімен қатар, түрлі ғылым салаларында (тіл білімі, әдебиеттану, тарих т.б.) қалдырған мол мұрасын зерттеу, зерделеу және бүгінгі ел дамуындағы маңызды мәселермен («Рухани жаңғыру», «Қазақ әліпбиінің латын қарпіне көшу», «Мәңгілік ел» т.б.) салыстыра қарастыру болатын.

Конференция барысында ғалым өміріндегі негізгі тарихи кезеңдер жайлы хронологиялық ақпарат берілді, кей мәселелер төңірегіндегі пікірлері қызу талқыға түсті. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында айтылған «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодты сақтай білу» деген сөзі негізінде Ахмет Байтұрсынұлының халықты білімге, ғылымға үндеуі мен «Қазақ» газетінде жарияланған азаматтық ойлары талқыланды. Ұлттық тамырымыздың терең қабаттарымен танысу мәселесі жайлы танымдық ақпараттар ұсынылды. Сонымен қатар, бүгінгі таңда қоғамның қызу талқысына түскен қазақ әліпбиінің латын қарпіне көшіру реформасына қатысты ғалымның еңбектері сараланды, пікірлері жаһандық даму процестері мен әлемдік ақпараттық кеңістікке ену тұрғысынан талданды. Әрине, қазақ қоғамының ол кездегі тарихи-мәдени дамуы мүлде бөлек еді. Қиын кезеңде өмір сүрген Ахмет Байтұрсынұлы көзқарастарының әр алуандығына да сол тарихи кезеңнің ықпалы болса керек. Ал, бүгінде Қазақстан – әлемдік қауымдастықта танылған, жағдайы тұрақтанған тәуелсіз мемлекет. Осы тұрғыда Ахмет Байтұрсынұлының публицистикалық еңбектеріндегі ел болу, бірлік, ынтымақ идеясына қатысты ойлар «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясымен өз үндестігін танытты. Студенттер белсенділігі ғылыми-

танымдық ақпараттарды іздеп табуымен ғана емес, оны өздерінің қорытып, менгеріп, тұжырым жасауымен де ерекшеленді.

Конференцияның қызықты талқылау мен таразылау алаңына айналуына көптеген студенттердің ой-пікірлері әсер етті. Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының Шынарбек Райымбек, Абиджан Мағжан, Әбдіқұл Ақбота, Ордабекова Акерке, Қамарова Айттолқын сынды іздемапаз студенттерінің қазақтың рухани көсемі жайлы айтқан ойлары өзінің құндылығымен назар аударды. Ақерлік шеберлігі мол студенттер «Анама хат» шығармасының негізінде қойылым қойды. Қойылымдағы кейіпкердің (автордың) алыстағы анасына деген ыстық ықыласы мен перзенттік сағынышы көрермен көңілінен шықты.

Конференция соңында сөз алған Фатима Ақынбайқызы: «...Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті» – деген Сәкен Сейфуллин сөзін мысалға келтіре отырып, студент жастарды мемлекет үшін мерейлі, нәтижелі еңбек етуге шақырды.

Ф.А. ҚОЗЫБАҚОВА,
Қазақстан тарихы кафедрасының
профессоры, т.ғ.к.;
А. ҚАМБАРОВА,
«Қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығының 1-курс студенті

5-6 сәуір аралығында «ЮНЕСКО білім беру бағдарламасын қолданудағы прогресс:

тұрақты даму парадигмасы» атты форум өтеді

Қазіргі уақытта әлем ғалымдарын трансгуманизм идеясы қатты қызықтырып, осы бағытта елеулі жұмыстар атқарылуда. Мысалы, Ресей ғалымдары осы бағытта GF-2045 деп аталатын ауқымды жобаны жүзеге асыруда. Жобаның мақсаты – адам мен оның ақыл ойын жасанды дене мен миға ауыстыруды жүзеге асыру. Ғалымдардың болжамынша, әлгі жасанды дене мен зерде ешқашан қартаймайды да, өлмейді де. Бір қарағанда тура фантастика дерсің. Бұл тұрғыда еліміздің ғалымдары да әлемдік ғылым көшінен тысқары қалып отырған жоқ.



© Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

Әлсіз тұсы да осында.

Біздің ғалымдардың зерттемелері осы олқылықтың орнын толтырып, жоғарыдағыдай жобалардың шынайы жүзеге асуына мүмкіндік бере түспек. Бұның барлығы гидрофильді полимерлер мен олардың негізіндегі комплекстер саласындағы қазақстандық физика-химиялық мектептердің жинақтаған тәжірибе жұмыстарының арқасында мүмкін болып отыр. Дәл осы саладағы әлемдік рейтингте қазақстандық ғылыми топтар алдыңғы орындарда тұр. Бұл тұрғыда әлемдегі

экономикасы мықты дамыған елдердегі жетекші ғылыми топтардан еш кем түспейді. Осыған байланысты айта кететін бір жағдай, барынша беделді және әлем мойындаған Thomson Reuters ақпараттық компаниясының деректері бойынша, ҚР ҰҒА академигі Е.М.Шайқұтдінов құрған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың полимерлер мектебінің өкілдері (Г.А.Мун, В.В.Хуторянский) соңғы он жылдың бедерінде интерполимерлік комплекстер саласындағы әлемдегі барлық ғалымдар мен мамандар арасында алғашқы үш орында тұр.

Бүкіл посткеңестік кеңістікте бірде-бір ғылыми мектеп осы күнге дейін мұндай нәтижеге қол жеткізбеген болар, сірә. Әлемдегі экономикасы мықты дамыған елдерде де мұндай ғылыми мектептер санаулы ғана. Әрине, осының барлығы ғылымның заманауи бағыттарын дамытуға мемлекет тарапынан жасалып отырған қамқорлықтың арқасында мүмкін болып отыр. Университет басшылығы да ғылым көшін алға сүйрейтін мұндай жобаларға үнемі қолдау көрсетіп отырады.

Перизат ҮРКІМБАЕВА

Төрт бірдей басылым оқырманға жол тартты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында шығыстану факультеті қытайтану кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы, жазушы Абдырақын Нұрхалықтың төрт кітабының тұсаукесері өтті.

Шараға Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары Жанарбек Әшімжан, Әлем халықтары жазушылар одағының төрағасы Қайрат Дүйсен, «Үркер» журналының бас редакторы, жазушы Қуандық Түменбай, Қазіргі заманғы Қытай зерттеу орталығының директоры, танымал қытайтанушы ғалым Нәбижан Мұқаметханұлы, М.Әуезов атындағы әдебиет институтының аға ғылыми қызметкері, әдебиеттанушы ғалым, сыншы Нұрдіәулет Ақыш, «Ан-Арыс» баспасының бас редакторы, ақын Кәдірбек Құныпия, «Балдырған» журналының бөлім редакторы, ақын Құл-Керім Елемес, «Үркер» журналының бас редакторының орынбасары, ақын Жарас Сәрсек, Дүние жүзі әлем қазақтары орталығының жастар ісі жөніндегі менеджері Талаппек Тынысбек, «Мөлдір бұлақ» журналы бас редакторының орынбасары Саят Қаламгер, kitar.kz сайтының өкілі Шарайна Тұрсын және кафедра оқытушылары мен студенттер қатысты.

Салтанатты шара ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінің деканы Палтөре Бқтияр мырзаның құттықтау сөзімен ашылды. Оқырманға жол тартқан автор еңбектері – «Ансау» әңгімелер жинағы, «Қытай мифтерінің аудармасы», «Базалық шығыс тілі: қазіргі қытай тілінің грамматикасы» Білім және ғылым министрлігі бекіткен оқулық және «Қытай-қазақ тіліндегі бастауыш-баяндауыштық сөйлемді салыстыра зерттеу» атты монография.

Қонақтар Нұрхалық Абдырақын еңбектеріне жоғары баға беріп, өз пікірлерін ортаға салды. «Ансау» әңгімелер жинағына шығыстану факультетінің оқытушысы, әдебиеттанушы ғалым, ф.ғ.к, доцент Ұлбала Алжанбай ханым негізгі баяндама жасап, авторды осы заманның нағыз реалист жазушысы деп атады. Ол бүгінгі өмірді көркем шығарма түрінде оқып, толқығанын жеткізді. Автор: «...адам арманына қолы жетіп, сұлу қызға үленіп, зәулім ұй салып, қымбат көлік мінсе де, француз иіс суын себініп, италия костюмін киген де, әлемдегі ең әсем жерде демалса да, одан қатты шаршап

оралады, адам сонда да бірден іздеуін, ансауын тоқтатпайды, ансауы одан сайын кете береді, кете береді, әйтсе ол не нәрсе?» – деп ой толғайды.

Қуандық Түменбай Үркер журналында жарияланған Нұрхалық Абдырақынның «Әмірбек», «Қала», «Ит тірлік», «Күн мен түн», «Қарақұрық» әңгімелері айтар ойы, тілінің шұрайлылығымен оқырманның ыстық ықыласына бөленгенін айтты. Жарас Сәрсек «Аңсаудағы», «Зілімауыр», «Жеңістің жеңілісі» әңгімелерінің өзіне қатты ұнағанын айтып, жазушының болашақ қадамына сәттілік тіледі. Шарайна Тұрсын ханым қаламгердің кітаптарын бүкіл әлемге таратып жатқанын айта келе, елдің рухани келешегіне жасап жатқан жұмысына назар аударды. Әлем жұрты жақсы қабылдап жатқан қаламгердің нағыз отаншыл ғалым, жазушы, аудармашы деп танитындығын білдірді.

Сондай-ақ Қайрат Дүйсен өз сөзінде жазушының алғашқы қаламынан туған «Иірім» романына редактор болған кезден бастап терең философиялық ойды аңғарғанын, жаңаша бағытта жаза білетінін жеткізіп, ақ жол тіледі. Ал профессор Нәбижан Мұқаметханұлы қаламгердің жанкешті еңбегіне, бүгінге дейін шығарған он бес кітабына аса құрметпен қарайтынын, кітап шығарып руханиятқа зор үлес қосып отырғанын айтып, азаматтығына сүйсінді. Ғылым жолында да жетістік тілеп, ақ батасын берді.

Жалпы тұсауы кесілген еңбектерге берген оқырман пікірі жылы лебізге толы болды. Айта кетерлігі, жарық көріп отырған еңбектер әңгімелер жинағы ғана емес, аударма ісі және қытай тілінің грамматикасы туралы оқу құралы болуымен де құнды. Бұл шара ҚазҰУ оқытушы-профессорлар құрамы әлеуетінің жоғары деңгейін кезекті рет дәлелдеп берді.

Б. МАУЛИТ,
қытайтану кафедрасының оқытушысы

Самарқанның көк тасын жібіткен НАУРЫЗ

Наурыз мейрамы қарсаңында ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультеті, археология, этнология және музеология кафедрасы оқытушыларының ұйымдастыруымен «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығының 3-курс студенттері Өзбекстанның Самарқанд және Ташкент қалаларының бірқатар мәдени-тарихи орындарына саяхат жасап қайтты. Үш күндік сапар барысында студенттер Самарқанд қаласындағы «Регистан» алаңы, Әмір Темір мен Биби Ханум кесенелері, Мырза Ұлықбек обсерваториясы, «Шахин-Зинда» және «Хазірет Қызыр» мемориалды кешені және т.б. тарихи ескерткіштерді аралап, таным көкжиегін кеңейте түсті.

Шығыс халықтарына ортақ Наурыз мерекесімен астасқан саяхат барысында білімгерлер осынау мерекенің тарихы мен жөн-жоралғыларына да үңіліп көрді. Жалпы Наурыз – өте ертеден келе жатқан мерекелердің бірі. Біздің қазақ үшін Наурыз – ұлыс күні, жыл басы саналады. Наурызға тән ерекшеліктердің ішінде көңіл аударатыны – бұл күні адамдар сырттай ғана емес, іштей де тазарып, пендешілікпен жасаған қателіктерін дұрыстауға, ар-ожданы алдында тазаруға ұмтылады. Жаңа күн, жаңа жылмен бірге жанаруға қадам басады. Үлкендер араларына жік түскен ағайын, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм татырып, табыстырады. Осы күні ән шыркалып, түрлі ұлттық ойындар ойналады. Осындай ұлы мерекені «Самарқанның көк тасын жібіген күн» немесе «Ұлыстың ұлы күні» деген сөз тіркестерімен баламалап айтамыз. Аталған тіркестердің өзіндік мағыналарына мән берген студенттер шығу тарихы жайлы өз білімдерімен де бөлісті.

«Ұлыстың ұлы күні» деп айтылу жөнінде ел аузында жүрген көптеген аңыздар бар. Сол аңыздардың бірі былай дейді: «Бір күні Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұрт тауына келген сәтте жердің бетін жайлаған топан су кері қайтады. Сол сәт жер бетіне табаны тиген барлық тіршілік иелері көк аспаннан түскен қасиетті қазаннан бірге дәм татыпты. Содан бұл күнді – Ұлыстың ұлы күні деп жариялайды».

Жыл басы наурызбен қатар айтылатын «Самарқанның көк тасын жібіген күн» тұрақты сөз орамының мәніне үңіліп көрмес бұрын, алдымен көк тас тіркесіне тоқтала кетейік. Қазаққа үлкен кісі баласынан көңілі қалса, «басыма көк тас қоймай-ақ қой» деп өкпе-ренішін білдіріп жатады. Мұндағы көк тас жай тас емес, асыл тас, лағыл тас. Ғылыми атауы

– лазурит. Ертеде қайтыс болған атақты адамдардың басына Самарқаннан арнайы көк тас алдырып қою дәстүрі болған. Бүгінгі күні де зират басына белгі үшін көк тас қойылады. Қойылатын тастар гранит және мәрмәр болып екі топқа бөлінеді. Граниттің қызыл, кара, көк түсі бар. Өзбекстаннан әкелінетін тастың 2 түрі бар. Олар: Самарқанның зарваны және Навоидан әкелінетін газған.

Наурызда бір-біріне бұрынғы өкпе-реніштері бар адамдар төс қағыстырып, қайта достасады. Егер Ұлыстың ұлы күнінде өкпе-ренішін қия алмаса, «Сен тастан да қаттысың ба, бұл күні Самарқанның көк тасының өзі жібиді ғой» деп наз айтатын болған.

«Самарқанның көк тасын жібіген немесе еріген күн» деген сөздің бірнеше мні бар. Бірінші, аңыз бойынша йгілі астроном Ұлықбек (1394-1449) обсерваториясындағы көк тасқа д л 22 наурыз күні күн с улесі түсетін болған. Сол с уледен түскен жылу тасты жібітеді екен. Екінші, бұл күні р адам қателігі болса, кешірім сұрауға же не ол кешірім беруге тиіс. Кешірімесе: «Бұл күні Самарқанның да көк тасы жібиді, сен тастан қаттысың ба?» – деп тоқтатады екен. Сол сияқты бұл күннің лемге жылулық келетін с тін де бейнелеп айтқан. «Келгеніше құттықтап бірін-бірі, қуанышта көрісіп к рі-жасы. Көңілі түгел адамның сен келген соң, Самарқанның елжіреп түскен тасы». Үшіншіден, ертеде Наурыз күнінде өз қатесін түсініп, кешірім сұраған қылмыскерлер мен жазаға ұшырағандарға да кешірім жасалатын болған.

Осыдан Өз Наурыздың ізгілік пен жақсылыққа бастайтын ерекше күн екенін білеміз.

М.Ш. ЕҒАМБЕРДИЕВ, С.А. САПАТАЕВ,
археология, этнология және музеология
кафедрасының оқытушылары

ТАЛАНТАМ надо помогать

**Десять лет. Много это или мало?
У каждого – свой ответ. Ясно
только одно: десятилетие – это
очередной этап, изменение жизни,
новое измерение.**

Я счастлива, что ровно десять лет назад придуманный мною конкурс с радостью поддержала редакция газеты «Дружные ребята», одобрив эту идею с первого слова. Мы разработали концепцию конкурса, придумали название «Хочешь быть журналистом?» и стали работать. Да-да, именно так. Работать со школьниками, учителями, делая их своими добрыми единомышленниками. Ведь мы помогаем талантам.

Профессия журналиста никогда не была легкой. При любом общественном строе надо искать актуальные темы, находить интересных людей, рассказывать о них, мучиться с заголовком и началом материала – как это всё знакомо любому сочиняющему.

Писать для себя, для души, наверное, могут многие, а вот работать журналистом, изо дня в день сталкиваясь с трудными (кто ж о легких-то писать будет?) судьбами, пытаясь разобраться в серьезных конфликтах, освещать нужные, но подчас такие скучные темы, писать о том, в чем малосведущ, а собрать материал надо быстро, вероятно, способны далеко не все.

Данный конкурс и призван найти эти самые таланты, вселить им уверенность в своих силах, ведь истинный дар всегда сомневается в себе. Ведь как прав был поэт, утверждая:

Пренебрегая словесами,
Жизнь убеждает нас опять:
Талантам надо помогать,
Бездарности пробьются сами.

Вот мы и помогаем талантам. В этом году конкурсантам было предложено пять тем. Четыре – журналистского направления, а пятая – свободная. Отрадно, что многие хотели порассуждать, в каком же СМИ он хочет работать, а также – какие интересные темы предлагает нам газета или телеэкран. Я рада, что нашлись школьники, которые, изучив историю нашей любимой газеты, создали буквально шедевры на тему «Если писать для детей» к 85-летию со дня выхода первого номера республиканской детской газеты «Дружные ребята». Осмыслить чужой опыт, проанализировать, как же работали журналисты прошлого, о чем писали, какие темы поднимали в детской газете – тоже бесценно для каждого пишущего.

Но большинство, как я и полагала, выберет для сочинений тему «Человек – творец своей судьбы?». Знак вопроса предполагал рассуждения, примеры из жизни. Строгое компетентное жюри отдавало предпочтение именно тем работам, в которых было личностное отношение, а не общие «рассуждалки» на такую вечную тему.

Что показал конкурс? Талантливых детей – огромное число. Их надо выявлять, поддерживать, направлять. Ведь мы помогаем талантам.

Что показал Форум? Очень важен для учителей и школьников взгляд со стороны, общение с такими же талантами. Ежедневная «школьная варка» притупляет внимание. Ощутили гости факультета особую, творческую атмосферу, которую умело создали и пришедшие поприветствовать конкурсантов выпускники журфака, а это очень известные всей стране журналисты – например, Ольга Гумирова, Аделия Оразалинова, и творчески одаренные студенты, которые пели и танцевали, и выступившие преподаватели.

Десять лет мы, команда энтузиастов, организуем и проводим это состязание молодых талантов, конкурс, который сотням человек дал путевку в жизнь. Яркую, насыщенную событиями жизнь настоящих журналистов.

А мы, преподаватели факультета журналистики? Мы помогаем талантам.

Лариса НОДА,
старший преподаватель
факультета журналистики,
лауреат Международного
Пушкинского конкурса,
лауреат премии Союза журналистов
Казахстана

ПОДГОТОВКА СПЕЦИАЛИСТОВ НОВОГО ФОРМАТА



КазНУ имени аль-Фараби является признанным лидером среди вузов Республики Казахстан в подготовке научных кадров высшей квалификации – докторов философии (PhD), он один из первых среди вузов Центральной Азии присоединился к Великой Хартии университетов и полностью перешел на современную трехступенчатую систему подготовки кадров «бакалавриат-магистратура-докторантура PhD».

Решением Комитета по контролю в сфере образования и науки Республики Казахстан КазНУ имени аль-Фараби получил право на ведение образовательной деятельности по специальности «6D073200 – Стандартизация и сертификация». Получение докторской степени доступно по двум направлениям – профильное и научно-педагогическое.

В соответствии с основным учебным планом будущие докторанты будут проходить обучение по следующим дисциплинам: «Стандартизация и управление качеством продукции в теплоэнергетике», «Математическое моделирование управления качеством продукции в теплоэнергетике», «Инструментальные методы химического анализа экологических объектов», «Использование физико-химических методов для контроля качества продукции» и другие.

Кафедра теплофизики и технической физики КазНУ имени аль-Фараби является одной из ведущих кафедр университета, имеющей прочные связи с зарубежными высшими учебными заведениями и реализующей несколько совместных учебных программ, в том числе, по направлению магистратуры «Стандартизация и сертификация» с университетом ИТМО (Санкт-Петербург, Российская Федерация).

Обучение будет проводиться высококвалифицированным профессорско-преподавательским составом: д.ф.-м.н., профессор Алия Сандыбаевна Аскарлова, д.ф.-м.н., профессор Найля Рахимбековна Мажренова, доктор PhD по специальности «6D073200-

Стандартизация и сертификация» Мереке Бауржановна Алимжанова, к.т.н. Рустем Кусаингазиевич Манатбаев и другие.

Профессор Алия Аскарлова – победитель республиканского конкурса «Лучший преподаватель ВУЗа» 2006 г. и «Лучший преподаватель ВУЗа» 2010 г., награждена орденом «Кұрмет». В настоящее время занимается вопросами математического и компьютерного моделирования процессов конвективного теплообмена в физико-химически реагирующих средах, связанных со сжиганием газообразного и твердого топлива и решением экологических проблем теплоэнергетики. Имеет более 535 научно-методических публикаций, доклады на международных (Германия, США, Греция, Португалия, Франция, Англия, Япония, Канада, Италия, Марокко, Пакистан, Турция и др.) конференциях, из них 20 публикаций в рейтинговых научных изданиях с импакт-фактором.

Найля Мажренова – доктор химических наук по двум специальностям («Химическая физика», в том числе «Физика горения и взрыва» и «Физическая химия»), профессор, академик Международной Академии информатизации. Имеет более 250 публикаций, в том числе автор 3 монографий и 10 учебных пособий.

Рустем Манатбаев – кандидат технических наук, крупный специалист в области ветроэнергетики, имеет патенты по защите ветроэнергетических установок от неблагоприятных метеофакторов.

Будущие докторанты специальности «6D073200 – Стандартизация и сертификация» имеют возможность прохождения зарубежной стажировки на базе Московского государственного технического университета радиотехники, электроники и автоматики (Российская Федерация). Кроме того, было заключено соглашение с университетом СПЛИТ, расположенным в Хорватии в одноименном городе Сплит, благодаря которому студенты докторантуры могут пройти практику в хорватском университете для выполнения научно-исследовательской работы, включая выполнение докторской деятельности.

На базе КазНУ имени аль-Фараби функционируют девять лабораторий, такие как Национальная нанотехнологическая лаборатория открытого типа (ННЛОТ), занимающаяся разработкой системы стандартизации геометрических параметров и свойств материалов, объектов, элементов и структур, подлежащих измерениям в нанотехнологии; Лаборатория криофизики и криотехнологии, научно-технологический парк и Научно-исследовательский институт экспериментальной и теоретической физики (НИИЭТФ).

Для получения качественного и современного образования на базе КазНУ созданы все условия. В домах студентов КазНУ имени аль-Фараби и студенческого кампуса функционирует беспроводная сеть доступа в Интернет WI-FI. На территории университетского городка имеется целый комплекс для полноценного образования и досуга: прекрасный спортивный комплекс с тренажерным залом, спортивными площадками и секциями, Центр обслуживания студентов «Кермет» со всеми образовательными, социально-бытовыми, медицинскими, торгово-развлекательными услугами для студентов, собственный кино-театр, сеть читальных залов, интернет-кафе на 300 мест; крупнейшая библиотека в Центральной Азии университета имеющая более чем 2 миллиона экземпляров книг.

Открытие PhD-докторантуры по специальности «6D073200 – Стандартизация и сертификация» станет важным этапом в подготовке молодых учёных нового формата, достойных быть представленными в мировой научной среде.

В этом году будет объявлен первый набор по специальности «6D073200 – Стандартизация и сертификация». Ждем выпускников, имеющих предшествующее образование по данной специальности, в стенах Казахского национального университета имени аль-Фараби!

С.А. БОЛЕГЕНОВА,
д.ф.-м.н., профессор,
заведующий кафедрой теплофизики и
технической физики

Бүгінгі замандағы мәдениеттің орны

XXI ғасыр – адамзат баласы тарихындағы ең жарқын әрі ең күрделі де қиын кезең. Орын алып жатқан түрлі оқиғалар, факторлар және іс-әрекеттер қоғамды сан түрлі өзгерістер мен жаңашылдық сипатқа итермелеуде. Мәдениет – адамзат өзі үшін қалыптастырған ең үлкен өмірлік саланың бірі әрі бірегейі.



Алғаш тастан құрал жасап, үңгірді пана еткен тұстан – бүгінгі виджеттермен қозғалып, Марстағы өмірдің болуы туралы ойлар арасында дәл сол мәдениеттің рөлі мен орны маңызды. Адамды адам қылған еңбек дер болсақ, оның түбінде сапалы әрі мәнді өмірге деген құлшынысты шыңдайтын мәдениет жатыр деп топшылауға әбден болар. Ғылыми тұрғыда мәдениеттің 500-ден аса мағынасы бар, тіпті одан көп болса да таңқалмасмыз анық. Тұлға, отбасы, қоғам, ұлт, мемлекет және тұтас әлем мәдениеті түрлерінің болуы – оның аса кең масштабқа ие екендігінің дәлелі. Тұлғаның тұлғалығы – өзіндік оң ойлары-істері мен білімінің дәрежесі, отбасы – белгілі бір құндылықтар мен адамгершілік қағидалары, қоғам – ортақ мәнділікке ие басты ережелер, ұлт – тарихпен біте қайнаскан менталитет пен тәрбие, мемлекет – жарқын болашаққа деген сенімге негізделген патриоттық әрекеттер, бастысы әлемдік адамзаттық ортақ өмір сүру дағдысы мен әркімге деген құрмет формалары бар. Аталмыш аспектілер мен факторлардың түбінде тағы да сол мәдениеттің көріністері қылаң берері анық. Яғни, адам дүниеге келгеннен бастап ол өзіндік биологиялық тіршілігін тоқтатқанға дейін оның өмірінде мәдениет бірден-бір басты мәнге ие фактор болатыны түсінікті деп санаймын.

Мәдениетті ғылыми тұрғыдан зерттеп-зерделеп, ашығын айшықтап, ағы мен қарасын сараптайтын ғылым саласы мәдениеттану деген атауға ие. Әлемдік, ұлттық мәдениет тарихы мен сипатын сараптап, болжалдық-аналитикалық ерекшелікке мән беру, сондай-ақ саяси тұстарын бағамдау, басқаша айтқанда, мәдени саясат ережелерін қалыптастыру, философиялық мәнге ие ежелгі, орта және жаңа, бүгінгі заман ғалымдарының саналық-ойлық жақтарын бағалау, психологиялық тұрғыдан жеке тұлға мәдениетінің қалыптасу заңдылықтарын қарастыру, әлеуметтік жағынан қоғам топтарының ерекшеліктеріне сай мәдениет феноменінің ондағы рөлін анықтау, тағы бір маңызды бөлім – экономикалық тұсы. Өркениет көріністері мен табиғи, тарихи-мәдени ескерткіштер көптеген елдер экономикасының маңызды

бөлшегі болғалы қашан, ол – туризм, яғни мәдениеттің маркетингтік-менеджерлік және финанстық әлеуеті өте жоғары. Мәдениет – аса кең мемлекетшілік интеграция процестері мен ортақ идеологияға басты құрал болып табылады. Бұл тек бір сыпырасы екенін айта кеткен жөн. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, философия және саясаттану факультеті, дінтану және мәдениеттану кафедрасы – аталмыш мамандық иелерін дайындайтын бірден-бір озық базалық жүйеге ие.

Мадина ЖЕКСЕНБАЕВА
Жетекшісі: З.Н. ИСМАҒАМБЕТОВА

Мұңлы ару

*Тылымы көп тағдырды үзбегендей,
Кербез сұлу, кірбің бар сізде нендей?
Жадыраған жаныңыз жабығыпты,
Бәлкім, сіз де ұнайсыз күзге мендей...*

*Машақатын тірліктің жалмап ішіп,
Көңіл мұңлы.
Сарғайған арман үсіп.
Пешенеңе шынымен орнықты ма,
Қасіреті тағдырдың жалғанысы?*

*Күдігіңнің күрмеуі бөлінбеген,
Социальқты күрсінді көңіл неден?
Жас жүректің түйсігін талқандайтын,
Қасіретшіл болған ба өмір деген?!*

*Сыншыл тағдыр, қаһарың жеткені ме?
Түсіріңсің қайғының көктеміне.
Мұңлы аруым қалайша көніп қойдың,
Тірліктің ойран салып кеткеніне.*

*Өмірдің тілегі – мұң,
Түнегі – сыз!
Қара бұлт та қирайды білемісіз?!
Тіршіліктің уына масайрама,
Бәлкім, сіз де біреудің жүрегісіз!*



Абылайхан
ҚУАНЫШЕВ,
филология және
әлем тілдері
факультетінің
2-курс студенті

Назарда – жастардың әл-ауқаты

Білім мен ғылым қанатын кең жайған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, философия және саясаттану факультетінде «Айналанды нұрландыр» жобасы аясында леуметтану ж не леуметтік жұмыс кафедрасының «Әлеуметтік жұмыс», «Әлеуметтану» мамандықтарының 2-курс студенттері қатысуымен жастар арасындағы әлеуметтік бастамаларды, әлеуметтік өзгертулерді жүзеге асыру мақсатында шара өтті.



В Казахском национальном университете имени ал-Фараби студенты первого курса факультета международных отношений казахского отделения вместе с преподавателем английского языка кафедры Дипломатического перевода провели воспитательный час на тему «5 социальных инициатив Президента». Особое внимание студенты уделили третьему пункту – о выделении большого количества образовательных грантов.

Студенты группы внимательно изучив 5 Инициатив Президента, высказали мнение о том, что решение является правильным и важным не только для поступающих абитуриентов, но и для всей студенческой молодежи. Это большой шанс для многих вчерашних школьников получить грант и будущую профессию. Особенно повезет тем, кто будет претендовать на техническую специальность. Нашей стране нужны специалисты технических специальностей, чтобы развивать промышленность, новые технологии, соответствующие мировым стандартам. Это будет огромная помощь для многих выпускников из малообеспеченных семей, которые хорошо учились и получали

Воспитательный час

знания в школе, но не имели возможность учиться платно.

Инициатива по строительству новых, современных общежитий, отвечающих мировым стандартам, является важным социальным вопросом для многих студентов, которые приехали из отдаленных регионов. И если этот вопрос решится, то этому будут радоваться все студенты и они почувствуют заботу со стороны государства и будут еще больше стараться хорошо учиться и трудиться на благо своего университета и страны. Говоря о нынешних условиях своего общежития № 14, студенты отмечают, что сегодня они живут по 2-3 человека. Например, студентки группы Жансая, Лаура и Аружан говорят, что «комнаты в их общежитии не переполненные, есть возможность готовиться к занятиям, и есть свое небольшое пространство. По их словам, в общежитии всегда чисто и уютно. Также там живут иностранные студенты и это дает возможность изучать разную культуру и традиции, общаться и дружить».

Одной из Инициатив Н.А. Назарбаев назвал «новые возможности приобретения жилья». Он заявил, что ипотечные займы должны стать доступнее, предложив кредитовать казахстанцев по ставке семь процентов в тенге на срок 25 лет при наличии первоначального взноса в размере 20 процентов от стоимости жилья. Отмечая особенности программы, студентка Мария сказала: «...наши родители нас вырастили, но некоторые не смогут нам помочь приобрести жилье, и инициатива – это шанс для нас работать и приобретать самим,

а не сидеть на шее родителей». Второй своей инициативой Назарбаев выдвинул снижение со следующего года налоговой нагрузки на население с невысокими доходами. «Для поддержки казахстанцев, получающих относительно низкую зарплату, с 1 января 2019 года предлагаю снизить налоговую нагрузку в десять раз и облагать их налогом в размере одного процента», – заявил Назарбаев. В качестве третьей идеи он предложил улучшение условий для студенческой молодежи, пообещав дополнительно выделить 20 тысяч образовательных грантов и призвав подумать над государственно-частным партнерством в вопросе строительства общежитий для учащейся молодежи. В-четвертых, президент Казахстана сказал о необходимости расширения микрокредитования с тем, чтобы сделать займы доступными для сельчан, стремящихся открывать своё дело. Студенты отметили, что уже сейчас на дополнительных занятиях готовят презентации стартап-овна английском языке для открытия своего дела. По их мнению, это также может помочь студентам открыть свое дело. Воспитательный час прошел плодотворно и 5 Инициатив Президента вдохновили студентов.

Г.К. ДОСЫБАЕВА,
к.п.н., доцент кафедры
дипломатического перевода
Ж. КАНДЫБАЕВА,
1-курс

Студенттер ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Бес әлеуметтік бастамасын» басты назарға ала отырып, әлеуметтік әл-ауқатты жақсартуға бағытталған игі бастамаларды талқылады.

Халыққа арналған жаңа Ұлт жоспарының канаты кең, мәні мен маңызы орасан зор екенін айтты жастар. Еліміз көркейіп, өркендеп келеді. Елбасы бағдарламалары және оның орындалу нәтижелері тиянақты қадамдарға ұласуда. Демек, жүйелі жоспарда мемлекет тарапынан халықтың рухани-мәдени дамуына да баса назар аударылған.

Сондай-ақ Ата Заңымыз – еліміздің бірлігін, татулығымызды, тиімді жұмыстардың атқарылуын, еңбек ету, жан-жақты дамуын адамның құндылықтары қарастырған. Құқықтық тәртіпті сақтау – күнделікті басты талап. Осы Ата заңымызды, қағидаларды жастар өне бойларына сіңіретін болса, еліміздің ертеңінің жарқын болары даусыз.

Студенттеріміз болашақта әлеуметтік қызметкер ретінде Қазақстанның кемелденуіне өз үлестерін қосатындарын нық сеніммен айтты.

Ақмарал СҰЛТАНОВА,
әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс
кафедрасының аға оқытушысы

САУАЛНАМА

Жастардың кітап оқу мәдениеті қай деңгейде?

«Қазақ университеті» баспа үйі 2016 жылы «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығында «AL-FARABI BOOK STORE» кітап дүкенін ашты. Сапалы кітаптар шығаруда тәжірибесі мол баспа үйінің өз кітап дүкенін ашуы заман талабы еді. Баспадан жарық көрген барлық кітаптар осы дүкенге түсіп, оқырманға жол тартады. Сонымен қатар басқа да кітап баспаларымен серіктесу нәтижесінде түрлі баспалардың кітаптары да дүкен сөрелерінен орын алған. Кітап дүкенінің негізгі мақсаты – студенттер арасында университет оқытушыларының еңбектерін насихаттау, олардың еңбектерін қолжетімді бағаман алуға мүмкіндік жасау. Айта кетерлігі, студенттер үшін 25% жеңілдік қарастырылған.



«AL-FARABI BOOK STORE» кітап дүкені жуырда университет студенттерінің кітап оқуға ықыласын білу мақсатында сауалнама өткізді. Сауалнама «Survey monkey» қолданбасы арқылы жасалып, оған 628 студент қатысты. Анкета 7 сұрақтан тұрды, оларды шартты түрде маркетингологиялық және идеологиялық деп екіге бөлуге болады.

«Кереметте» «Қазақ университеті» баспа үйінің «AL-FARABI BOOK STORE» кітап дүкенінің бар екенін сұхбат берушілердің 77%-ы білетін болапы шықты. Студенттің басым бөлігі 55%-ы кітапқа ақша жұмсауға дайын, ал «мүмкін жұмсаймын» дегендер – 35%. Сондай-ақ 43% студент 3 айда шамамен 1000-3000 теңге аралығында кітапқа ақша жұмсауға дайын. 39% респондент жылына 1-3 кітап, 36% 4-5 кітап оқиды.

Қазақтілді сұхбаткерлер арасында сүйікті жанр – көркем әдебиет, одан кейін бизнес әдебиет, ғылыми және ғылыми-танымдық

әдебиет, философиялық, діни әдебиеттер, эзотерика және тағы басқа орын болса, орыстілді студенттер арасында да басымдыққа көркем әдебиет ие болды, бизнес әдебиет, ғылыми және ғылыми-танымдық әдебиет, философиялық, діни әдебиеттер, эзотерика және тағы басқаларын да қызығушылықпен оқитындықтарын жеткізді.

Сауалнама барысында көпшілікке кеңінен танымал авторларды анықтау барысында Абай, М.Әуезов, М.Жұмабаев, Гомер, Шекспир, Сервантес, Дж.Роулинг, Аристотель, Эл-Фараби, Хабермас, Р.Кийосаки, Д.Карнеги, Н.Хилл, С.Шелдон, С.Ахерн, Дж.Мойес есімдері жиі аталды.

Сауалнамаға университеттің барлық факультеттерінің студенттері қатысты.

Камиль РАХИМБЕКОВ,
Ермек СӘДІБЕКОВ,
«AL-FARABI BOOK STORE» кітап дүкені

Жақында шығыстану факультеті Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасында «Араб тілі апталығы» өтті.

Араб тілі апталығы



Апталықтың алғашқы күні факультет деканы, PhD докторы Ы.М. Палтөре, Мысыр Араб Республикасының профессоры, доктор Абулфутух Юнус пен Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің профессоры Ахмед Амир, Мысыр мәдени орталығының директоры доктор Хемдан Ибрахим және кафедраның оқытушылар құрамы мен тәлімгерлерінің қатысуымен ашылу салтанаты өтті.

Шарада Нұр-Мұбарак университетінің профессоры Ахмед Амир «Араб отбасының өмір сүру салты» атты дәріс оқыды. Аталған дәрісті тыңдай отырып, студенттер көкейлеріне тағалымды ой түйді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өмірбаянынан мысал келтіре отырып оқылған бұл дәріс ерекше әсерлі болды. Студенттер өздеріне қажетті құнды мәліметтер алды. Дәрістен кейін келесі кезекте студенттер тіл байлықтарын жетілдіру мақсатында араб әдеби тіліндегі «Кәлила мен Димна» шығармасы желісімен жасалған фильмді тамашалады.

Ал Нұр-Мұбарак университетінің профессоры Мухаммад Салахтың баяндамасы «Араб елдерінің тарихы» деп аталды. Соңынан араб әдеби тіліндегі «Заһир Бейбарыс» фильмінің екі сериясы көпшілік назарына ұсынылды. Араб бөлімінің студенттері араб халықтарының сүйікті тағамдары – маклубе, кушари, басбуса, кабуса, катаиб, фырты дайындады. Алматыдағы Египет Араб республикасы мәдени орталығының директоры доктор Хамдан Ибрахим мен кафедрадағы мысырлық ғалым Юнус Абулфутух шәкірттеріміздің аспаздық өнеріне жоғары баға берді.

Апталықтың үшінші күні екі топқа біріккен сстуденттер арасында «Араб тілі» пәні бойынша өзара жарыс өткізілді. Кафедрада сабақ беретін Мысыр Араб Республикасынан арнайы шақырылған профессор, доктор Абулфутух Юнус апталыққа қатысқан студенттерге жоғары баға беріп, жүлде ретінде ақшалай және заттай сыйлықтар тағайындады. Апталық мазмұнды әрі қызықты өтті.

Ф.Т.ЖҰМАЖАНОВА,
ф.ғ.к., Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының аға оқытушысы;
Аяла ТӨЛЕГЕНОВА,
1-курс студенті

ТУБЕРКУЛЕЗДЕН САҚТАНАЙЫҚ!

Туберкулез – адам мен жануарларда болатын созылмалы жұқпалы ауру. Туберкулездің қоздырғышы – микробактерияны неміс микробиологы Р.Кох 1882 жылы ашты.

Туберкулез ауруы көне заманнан белгілі. Ауру белгілері бұдан 7 мың жылдай бұрын адам сүйегін зерттегенде табылған, біздің заманымыздан бұрын 3-2мыңжылдықта Египет мумияларынан анықталған. Туберкулездің клиникасы туралы алғашқы деректер II ғасырда өмір сүрген каппадокиялық дәрігер Аретейдің еңбектерінде кездеседі. Одан кейін Пипократ, Гален, т.б. ғалымдардың еңбектерінде де туберкулез ауруы еске алынады. Бірақ олар туберкулезді жұқпалы ауру қатарына жатқызбаған. Ал Әбу Әли ибн Сина өзінің «Дәрігерлік ғылымның каноны» деген еңбегінде туберкулезді тұқым қуалайтын аурулар қатарына жатқызған. Туберкулездің жұқпалы ауру екенін бірінші рет италиялық ғалым Дж.Фракасторо дәлелдеді.

Жұқпалы аурудың тарайтын негізгі көзі наука адамнан түскен микробтары бар қақырық. Сау адамға ол негізінен туберкулезбен ауырған адам түскірген қақырықтың ұсақ сұйық тамшылары арқылы не кепкен түйіршіктерін ауамен бірге жұтқанда; сирек жағдайда туберкулезбен ауырған үй жануарларының сүтін шикілей ішкенде, етін шала пісіріп жегенде жұғады. Организмге туберкулез таяқшасының енуі ауруға себепші болғанымен, оның толық дамуы үшін жеткіліксіз. Адамдар туберкулезбен бұрын наукастанып, организмнің иммунитеті төмендегенде, дұрыс қоректенбегенде (әсіресе мал өнімдерінің белоктары, витаминдер тапшы болғанда), санитарлық-гигиеналық жағдайлар дұрыс сақталмағанда, сондай-ақ аурумен ұзақ уақыт бойы араласқанда ауырады. Туберкулез көбінесе үш жасқа дейінгі балаларда пайда болады, өйткені оларда ауруға қарсы иммунитет әлі де нашар дамыған, сондай-ақ жасөспірімдерде жыныстық жетілу кезеңінде пайда болады. Туберкулез негізінен тұқым қуаламайды. Туберкулезбен ауыратын адамдардың, әдетте, балалары ауру болып тумайды. Бірақ туберкулезбен ауыратын ата-ана дер кезінде емделмесе, аурудан сақтану ережелерін дұрыс сақтамастан, дертті баласына жұқтырып, баланың туберкулезбен ауруы мүмкін.

Туберкулездің ашық және жабық түрлері болады. Ашық түрінде қақырықта туберкулез таяқшалары болады, сондықтан туберкулездің мұндай түрімен ауыратын адамдар өте қауіпті деп есептелінеді. Ал жабық түрінде қақырықта туберкулез таяқшалары болмайды, бірақ дерт асқынатын болса, туберкулездің мұндай түрімен ауыратын наукастар да ауру жұқтырады. Туберкулез таяқшалары әр түрлі органдарды, көбінесе өкпені зақымдайды. Аурудың біліну сипаты туберкулездің түріне, наукастың жасына, организмнің жалпы жағдайына байланысты. Аурудың ортақ белгілері: дене қызуының көтерілуі, түнге қарай көп терлеушілік, ұйқының қашуы және тәбеттің нашарлауы. Наука жүдеп, ашуланшақ келеді, жұмысқа қабілеті төмендейді. Туберкулез таяқшалары түскен жердің тінінде кішкентай төмпешіктер пайда болады. Адам организмді сауыға бастаса мұндай төмпешіктер жойылып кетеді. Кейде бұл төмпешіктердің сырты қатты затпен қоршалып, беріштенеді. Мұны некроз ошағы деп атайды. Адам организмді әлсіреп, некроз ошағына қолайлы жағдай туса, сол жерде каберна (куыс) пайда болады. Осы куыста туберкулез таяқшалары дамып, кенірдек арқылы өкпенің басқа бөліктерін зақымдайды. Мұндай наукастардың қақырығында микробактериялар мол болып, қақырыққа қан араласуы, тіпті қан кетуі де мүмкін.

Ауруды әр түрлі әдіспен анықтайды. Туберкулезді ертерек анықтау мақсатымен балаларға тері астына дәрі жіберіп, жаппай тексеру жүргізіледі (Манту реакциясы). Халықты жаппай флюорографиялық (рентгенологиялық жолмен) тексерудің маңызы зор.

Туберкулезге қарсы арнайы егу (БЦЖ) жүргізіледі, ол сәби дүниеге келгеннен 3-5 күннен кейін іске асырылады. Ауруды емдеудің терапиялық, хирургиялық, т.б. әдістері табылып, күнделікті дәрігерлік жұмыста қолданылатын болды. Санаторийлерде емделу өте пайдалы. Қазақстанда туберкулезге қарсы жұмысты туберкулез мәселелері ұлттық орталығы үйлестіріп отырады. Әрбір облыс орталығында да арнаулы диспансер, жергілікті жерлерде олардың бөлімшелері жұмыс істейді. Республика туберкулезге қарсы қажетті дәрі-дәрмекпен, емдеу орындары төсек-орынмен жеткілікті қамтамасыз етілген.

К.М. ХАСЕНОВ,
Бостандық аудандық
Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

Бас редактор: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Тілшілер: **Айнур АҚЫНБАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Дәуір" ЖШС РПБК-де басылды. Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 8 (727) 273-12-04

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №3048

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.